

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының
4 курс студенті **Сапарбаев Нурболдың**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: МАХМУД ҚАШҚАРИДЫҢ «ДЕВОНИ ЛУҒАТ АТ - ТУРК»
СӨЗДІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Студент:	Н. Сапарбаев
Ғылыми жетекші:	ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы
№9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Сапарбаев Нурболдың «Махмуд Қашқаридың «Девони луғат ат - турк» сөздігінің қазіргі қазақ тілінің дамуындағы маңызы» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

« ____ » балл (« ____ » %) қойылды.

« ____ » _____ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

ЖОСПАР:

Кіріспе

I Тарау. «Девони луғат ат - турк» сөздігінің қазақ тілінің қалыптасуындағы орны

1. М.Қашқари шығармаларының түркі тіліне қосқан үлесі
2. М.Қашқари сөздігі туралы зерттеушілердің пікірлері

II Тарау. «Девони луғат ат - турк» сөздігіндегі этнотопонимиялық деректер

1. М.Қашқари картасының топонимикаға қосқан үлесі
2. М.Қашқари картасындағы ру, тайпа атамалары

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі. Махмуд Қашқари шығармаларының ішінде «Девону-луғат-ат-түрк» еңбегі (Түркі тілдердің сөздігі) ХІ ғасырдағы түркі халықтарының тілдік ерекшеліктерін айқындайтын ең алғашқы туынды. Бұл еңбек қазіргі қазақ тілінің ең алғашқы тілдегі белгілерін айқындайтын, сол ғасырлардың өзінде-ақ қазақ тілінің элементтері қандай дәрежеде екендігін көрсетеді. Сонымен бірге этнотопонимикалық деректер арқылы қазақ елінің о бастағы атамалары, олардың жайласу аймақтары, қандай уру, тайпалардан құралғандығын сөз етеді. Міне, осы мәліметтер негізінде халқымыздың сол ХІ ғасырдағы негіздері туралы түсінік аламыз.

Махмуд Қашқари дүние жүзі тіл білімінің тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті ең алғаш қолданған ғалым.

Жұмыстың мақсаты: Махмуд Қашқари шығармаларының тіл білімін өркендетудегі үлесін айқындау үшін төмендегі мәселелер сөз етіледі:

- Махмуд Қашқаридың туылған жерін, жасаған ортасы жайлы;
- Махмуд Қашқаридің шығармаларының түркі тіліне қосқан үлесі;
- Махмуд Қашқари сөздігі туралы зерттеушілердің пікірлері;
- Махмуд Қашқаридің «Девону-луғат-ат-түрк» еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі қолданылатын сөздер аясы туралы;
- Махмуд Қашқаридің «Девону-луғат-ат-түрк» еңбегінің қазіргі қазақ тіл білімінде алатын орны жайлы мәліметтер беру.

Зерттеу объекті: Жұмыста С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, Н.А.Аристов, С.Аманжолов, А.Н.Кононов, Қ.Жұбанов, А.К.Құрышжанов, Х.Хамидов, Ғ.Мұсабаев т.б. осы еңбек жайлы айтылған зерттеу жұмыстарынан пайдаланылды.

Зерттеу әдісі: Бұл тақырыпта негізінен түсіндіру, талдау, тіл фактілеріне бақылаулар жүргізу т.б. лингвистикада қолданылып жүрген әдістерден пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Зерттеу жаңалығы тақырыптың көкейтестілігіне байланысты. Бұл жұмыс Махмуд Қашқаридің сөздігінің қазіргі тілімізді қалыптастырудағы орны, этнотопонимикалық деректердің қазіргі тіліміздегі сол күйінде немесе өзгеріске ұшырап жетуі жайлы мәліметтер беретін арнаулы жұмыс болып есептеледі.

Зерттеудің практикалық маңызы: Бұл жұмыстан қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикология, түркі тілдердің салыстырмалы грамматикасы, түркі тілдердің сөздігі жайлы еңбегін жазуда пайдалануға болады.

Сондай-ақ тіл тарихы, тарихи лексикология, көне түркі тілі, теориялық грамматика пәндерін өтуде де пайдаланса көп жәрдемін тигізеді.

Жұмыстың құрылысы: Жұмысымыз кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 51 бет.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, зерттеушінің еңбектерінің тіл біліміндегі орны, олардың қолданылу аясы жайлы кең сөз етілді.

Бірінші тараудың бірінші бөлімінде М.Қашқари шығармаларының түркі тілін өркендетудегі қосқан үлесі жайлы сөз етілді. Махмуд Қашқаридің «Девону-луғат-ат-түрк» еңбегінің тіл біліміндегі орны ерекше екендігін сөздіктегі мысалдар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер негізінде қазіргі тілімізде қолданылып жүрген варианттарымен салыстырылып берілді. Тақырыпқа тиісті мәселелерді мысалдармен көрсетіліп, анализ жасалды.

Екінші бөлімінде М.Қашқаридың еңбектерін зерттеушілердің құнды пікірлері бір-біріне салыстырыла отырып көрсетіліп берілді.

Екінші тараудың бірінші бөлімінде географиялық картасы, яғни ата-бабамыздан бергі жер атауларының қалайша келіп жеткендігіне анализ жасалды.

Екінші бөлімінде М. Қашқаридің картасындағы ру,тайпа атамаларына

талдау жасалды. Сол кезде түркі халықтарының тайпалары қазіргі руларымыздың шығу негізі екендігі еңбекте анализ етілді. Сонымен бірге арғы тайпасының келіп шығуы жайлы да толық мәліметтер берілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доцент А.Оразымбетов

Студент:

Н.Сапарбаев

КІРІСПЕ

Махмұд Қашқари-он бірінші ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы филолог ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Ол «Диуани лұғат-ат түрік» атты еңбек жазып, өз заманындағы түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасады.

Әйтсе де «Диуани лұғат ат-түрік» тек түркіше-арабша түсіндірме сөздік ғана емес, сонымен бірге, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар-түрлі тақытыптағы өлең-жырлар, ертегілерін енгізген. Әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмұд Қашғари осы сөздіктегі әрбір сөздің мән-мағынасын оқушыға тереңірек түсіндіру үшін мысал ретінде алып отырған.

Махмұд ибн-ул Хұсайын ибн Мұхаммадул Қашқари орта ғасырдағы мәдениет орталықтарының бірі болған Баласағұн шаһарында туылған. Болашақ ғалым алғаш Баласағұн, Қашқар қалаларында кейінірек Самарқан, Бұхара, Нишапур, Мерв және Бағдад шаһарларында оқиды.

Махмұд Қашқаридың ерекше зейін қойып, ұзақ жылдар бойы зерттеген мәселесі-түркі тектес ру-тайпалардың тіл ерекшеліктері, әдет-ғұрып, салт-санасы, ауыз-әдебиеті үлгілері, өткендегі тарихи, т.б. болды. Осындай ғылыми мақсатпен ол Қашғардан бастап, бір жағы-Жетісу, мауараннахр, Хорезм, ал екінші жағы Римге дейін ұланғайыр территорияны мекен еткен көптеген түркі тектес рулар мен тайпалар арасынан мол материал жинады.

Қашқари тіл білімі мен әдебиетке қатысты көлемі де, күрделі, екі ғылыми еңбек жазғаны мәлім. Бірі- «Түркі тілдерінің синтасисі, қағидалары», бұл еңбек бізге жетпеген. Ал, екінші еңбегі- «Диуани Лұғат ат-түрік» 1074 жылы жазылған. «Диуани лұғат ат-түріктің» қолжазба көшірмесі ХХ ғасырдың бас кезінде табылды. 1915-1917 жылдары Стамбул қаласындағы Ахмет Рифат баспаханасынан үш томдық кітап түрінде шықты.

Белгілі шығыстанушы неміс ғалымы Броккельман бұл шығарманы неміс тіліне аударып, 1978 жылы Лейпциг қаласында бастырып шығарды.

Неміс ғалымы Фриц Хаммел осы сөздікте ұшырасатын мақал-мәтелдерде неміс осы сөздікте ұшырасатын мақал-мәтелдерде неміс тіліне аударып, өз алдына жеке кітапша етіп бастырды.

Көрнекті түрік филологы Басым Аталай оны осман түріктерінің тіліне тәржіма жасап, 1939-1941 жылдары Анкарада үш томдық кітап етіп шығарды.

Бұл еңбекте зерттеуге А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.Н.Боровков, С.Муталибов, В.Решетов т.б. ғалымдар өз үлестерін қосып, құнды зерттеулер жүргізді.

Махмұд Қашқари сөздігінің әдеби мәні зор. Бұл кітапты белгілі бір мағынада көне түркі әдебиет ескерткіштерінің қысқаша хрестоматиясы деуге болады.

Сөздікке екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта сөздер, көркем теңеулер т.б. енген.

«Ата-бабаларымыз неше әсирлер бойы усы кең регионда қандай бирликли болып, қандай қәдириятлар тийкарында жасап келген болса, бүгінде, тарийх хәм турмыс гәрдиши, тәбияттың өзи бизди – пүткил Орта Азия халықларын әйне усындай дослық хәм бирге ислесиў руўхында өмир сүриўге шақырмақта, десек орынлы болады,»¹ – деп айтқан Президентіміз И.А.Каримовтың сөздері түркі тектес халықтардың ата-бабаларының, мәдени мұраларының бір-біріне жақын болғандықтарын көрсетеді. Осы түркілерге ортақ саналатын мәдени мұраларымызды зерттеу, соңғы ұрпақтарға жеткере білу біздердің басты парызымыз.

Осындай орта ғасырдағы түркі мәдениетінің алыптарының бірі-Махмуд Қашқари еді. Қазақ әдеби тілінің негізін қалауда оның үлесі мол.

¹ И.А.Каримов. Жоқары мәнаўият жеңлимес куш. Тошкент. 2008. 10 б

Әдеби тіл дегеннің басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл – бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс. Бұл – екінші шарт. Әр нәрсенің, әр құбылыстың затты салыстыру арқылы, өзге құбылыстардың қарама-қарсысына қою арқылы таныла түседі. Әдеби тілді тану үшін оның қарама-қарсысына қойылатын басты құбылыс-ауызекі сөйлеу тілі. Бұл – үшінші шарт. Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл әдеби тілдің төртінші сипаты. Көптеген зерттеушілер әдеби тілді жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне де көпшілігіне ортақ түсінікті, қоғамдық қызметі әр-алуан жалпы халықтық тілдің екшелген, сұрыпталған түрі деп көрсетіп жүр.

Қазақ әдеби тілінің даму барысын дәуірлерге бөлу мәселесінде де орныққан бірыңғай пікір жоқ, ол да түсінікті. Өйткені бұл тілдің басталар тұсы мен әрі қарайғы даму бағыты әрқилы танылып келген соң, оның дәуірлерге бөлінісе де болмақ емес. Қазақ әдеби тілінің даму көшін дәуірлерге бөлместен бұрын, оның басын қай кезден бастап алатындығы жайлы пікірлермен танысу қажет. Мұнда да біркелкілік жоқ. Қазақ әдеби тілінің басталар тұсы жайындағы көзқарастарды беске бөліп топтастыруға болады.

1. Қазақ әдеби тілінің тарихын ертеден, көне түркі дәуірінен, хундар мемлекеті кезінен бастайды (Ғ.Мұсабаев II ғасырдан, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев V ғасырдан т-б)

2. Қазақ әдеби тілінің тарихы XVIII ғасырдан басталады (Қ.Жұмалиев, М.Балақаев т.б.)

3. XIX ғасырдың II жартысынан басталады (Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев)

4. Қазақ әдеби тілі қазан төңкерісінен кейін басталады (Т. Қордабаев)

5. Қазақтың төл әдеби тілі ауызша дамыған авторлық поэзия түрінде оның халық болып құралған кезеңінен, XV-XVI ғасырлардан басталады, ал ескі жазба әдеби тілі XVI-XVII ғасырлардан, жаңа ұлттық жазба әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады (Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, Б.Әбілқасимов, А.Ысқақов т.б.)

Осындай көне түркі дәуіріне тиісті мұраларымыз XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың сөздігінің түркі тілдерін қалыптастыруда орны айрықша. Тюркологияда Махмуд Қашқари туралы, оның қаламынан туған «Девони луғат ат - турк» еңбегі жайлы зерттеулер аз емес. Бұл туралы алғаш пікір білдіргендер В.В.Радлов, М.Мелоранский, А.Н.Кононов, Ә.Наджиб, Ә.Құрышжанов, Ғ.Мұсабаев т.б. ғалымдар болды.

Тарихи деректерге қарағанда XI ғасырдың 30 жылдарының соңында Ибрахим Ибн Насырдың тұсында Карахандар мемлекеті екіге бөлінген екен. Біріншісінің орталығы Бұхара шаһары болған, қарауында Ходжентке дейінгі Мавренахрды қосып алған. Екіншісінің шегарасы Тараз, Испіджал, Шаш, Ферғана, Жетісу мен Қашқар кіретін Шығыс хандығы болады. Оның астанасы-Баласұғын қаласы. Махмудтың туған жылы, жері, өмірі туралы дерек аз.

С.Г.Кляшторный Махмуд Қашқариды Қашқарда туған деп көрсетсе, М.Томанов оның әкесі Қашқарда туып-өскенімен, өмірінің көп кезеңін Баласуғын қаласында өткізгендіктен, Махмуд Баласағун шаһарында өмірге келген деген ойды айтады. Баласағун қаласының орны қазіргі Тараз

қаласының төңірегіндегі Ақтөбе деген жерде болғанын тарихшы У.Шалекенов өз еңбектерінде дәлелдеп отыр.

Махмуд Қашқари алғашқы білімін Қашқарда алып, кейін Орта Азия мен Иран қалаларын аралап, оқу іздеп сапар шегеді. Араб мәдениетінің орталығы саналатын Бағдат шаһарында ұзақ уақыт тұрып, арабша жоғары білім алады. Араб әдебиеті мен мәдениетінен, тілінен мол хабардар болған Махмуд өз елінің тарихы, географиясы, ауыз әдебиеті, этнографиясы, тілі жөнінде еңбек жазуды мұрат етеді.

«Түркі тілдері сөздерінің сөздігі» сияқты күрделі туындыларды өмірге әкелуі туған халқының рухани қажеттілігін көтеру, түркілер мәдениетінің деңгейі мен тілдік сипатын таныту мақсатынан туындаса керек.

Тіл-кезеңдік құбылыс емес, тіл халықтың өмірлік жиған-тергенін бойына сіңіретін рухани қазынасы, ұлттық жаны. Автордың тіл байлығы мен оны жинауы, барлық диалектілердегі деректерді көрсете отырып, олардың айырмашылығын танытуы, халық арасында танымдық дәрежедегі аңыздар мен әңгімелерді енгізуі – халық дүниетанымын, дәстүрін болашаққа жеткізу, әдеби тілдің даму жолын өркендету ниетінен туындаған.

Махмуд Қашқари еңбегінде өзінің қай тайпадан шыққанын, қай жерде дүниеге келгенін жазбаған, бәлкім бұл ғалымның ұлылығы мен көрегендігі болар. Осы арада бірсыпыра зерттеушілердің Махмудтың Қашқарлық екендігіне қарап, оны ұйғыр деп танып, ескі ұйғыр ескерткіші ретінде зерттей келгені де еске түседі. Орта ғасыр ескерткіштерін жүйелі зерттеген білікті ғалым Әмір Наджиптің зерттеуі көрсеткендей, Махмуд Қашқари өз шығармасын ұйғыр мемлекетінің төл жазуы саналатын көне ұйғыр жазуымен емес, араб жазуымен жазған.

Ең бастысы ұйғыр мемлекеті IX-XIV ғасырлар аралығында жеке мемлекет ретінде бой көтеріп тұрғанда, Қарахан мемлекеті оның құрамына

енбеген. Қарахан мемлекетінің негізін оғыздар, қарлұқтар, яғма, қыпшақ, бұлғар, арғу тайпалары құраған.

Түркі тілдес тайпалардың көпшілігінің тілдік сипатын хабардар ететін мұндай тарихи салыстырмалы лингвистикалық еңбек дүниежүзілік тіл білімінде некен-саяқ екенін түсіну керек. Батыс Европа мен Орыс тіл білімінде салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізі тек XVIII-XIX ғасырда ғана қолдана бастаса, түркі тілдеріндегі тарихи грамматиканың негізі болса сонау XI ғасырда-ақ Махмуд Қашқаридың «Девони луғат ат-турк» еңбегі арқылы жасалған еді. Сондықтан беделді басылымдар мен лингвистикалық, энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамаларға тарихи салыстырмалы әдісте қолдана зерттеудің түркі тілінде бай тәжірибесі бар екендігін және оның атасы XI ғасырда өмір сүрген.

I ТАРАУ. «ДЕВОНИ ЛУҒАТ АТ - ТУРК» СӨЗДІГІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОРНЫ

1. М.Қашқари шығармаларының түркі тіліне қосқан үлесі

Махмуд Қашқари түркі тілдерін топтастырғанда ғалымдарша емес, сол тілдердің табиғи қалпын сақтаған тазалығына, басқа бөтен тілдердің ықпалына түсу не түспеу деңгейіне байланысты анықтайды. Ғалым өзі жазып отырған түрлі диалектілер мен тілдерді бір бүтін әдеби тіл деп есептеп, соның ішінде кірме сөздер мен табиғи нұсқасын бұза бастаған тілдердің өзгеріске түсуіне байланысты топтастырады.

Махмуд Қашқари қыпшақ тілін басқа түркі тілдермен байланыстыра отырып зерттеген. Көбінесе осы тілмен өзара генетикалық және типтік жағынан барынша жақын тілдермен, соның ішінде айрықша оғыз тілімен қатар қойып, әдейі бірге атап, тарихи салыстырмалы түрде қарастырады.

Махмуд Қашқари болғанын ерекше көрсетіп өту қажет. Бұл ең алдымен, ғылым үшін қажет шындық, екіншіден қазақ халқының да ғылыми дүние танымының да тарихи тереңдігін анықтай түседі.

Махмуд Қашқари сөздігіне 31 түркі диалектілерінің лексикасы еніп, салыстырылады. Сөздердің (лексикалық бірліктердің) қай диалектіден алынғаны белгіленіп, соның ішінде ең көп сөздер оғыз, арғу, қыпшақ, түрік, булғар, қарлуқ тілдерінен деп ерекше белгі көрсету арқылы ажыратылып алынған.

Зерттеуші-ғалымдардың айтуынша, автор негізгі деректерді оғыз тайпалары арасынан жинаған, содан кейін арғу, қыпшақ сөздерінен көп пайдаланған. Сондықтан «Девони луғат ат- турк» тілінде оғыз, қыпшақ, яғма т.б. тілдің элементтері араласып отырады.

Автордың өзі де еңбегінде оғыз жазба тілінің құрамына оның толық компоненті болып, қыпшақ, иемек, булғар, печенег диалектілерінің енгенін

ескертіп отырады. Ғалым Ә.Наджиб мұраның тілін аралас тіл деп атауды ұсынғанда, сірә осындай негізгі факторларға назар аударған болуы керек.

Сөздікте әдеби нормадағы сөздер архаизмдерді ажыратып, істі ықшамдау мақсатымен, қазір тілде қолданып жүрген сөздерді ғана берген. Диваннан түркі халқының киім-кешегі мен үй жиһаздары, құрал-саймандары мен шаруашылық бұйымдары, қару жарағы мен музыкалық әспабы, туыстық атаулары мен атақ дәрежелері, тағам, хайуанат, өсімдік аттары, ай мен күн аты, ойын-сауыққа, салт-дәстүрге байланысты сан түрлі заттар мен құбылыстардың атауларын табуға болады.

Туыстық тәртіппен 6800 түркі сөздері топтастырылған. Оның ішінде жүзден аса жер-су аттары беріліп, олардың арабша түсінігі көрсетілген. Екі және төрт жолдың 242 шумағы бәйіт, 262 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде өзгермеген қалпында қолданылады.

Академик А.Н.Кононов өзінің «Махмуд Қашқари және оның «Девони луғат ат - турік» атты мақаласында автордың сөздікті жазудағы мынадай үш мақсаты болғанын жазады:

1. Түркі тілінің сол кезеңдегі (ХІғ.) мәртебелі тіл-араб тілінен ешқандай кем еместігін дәлелдегісі келді.

2. Хижраның тті-тто жылдары (1056-1067 ж) Шығыс Қараханидтер державасында қанды оқиғалар жиі болып тұрды. Осы жағдайлар Махмуд Қашқаридың елін, туған жерін тастап кетуге мәжбүр етті. Ол бүкіл түркі тайпаларын аралап ғылыми жұмыспен айланысты.

3. Өзінің сөздігінен алынған «Өзіңді олардың оғынан қорғау үшін парасатты адамға тән, ең жақын, ең лайықты нәрсе-мықтылар олардың жолын ұстау. Түркілердің қайғы қасіретіне назар аударуы үшін олардың жүрегін жаулаудың бір ғана жолы бар, олардың өз тілінде сөйлеуі керек»-деп жазып кеткен.

Автор түркі тілінің тазалығы үшін, араб тілінің белең алып, әдеби тілді ығыстырып кетпеуі үшін жанын салып қызмет етті. Сондықтан да еңбегінде таза тіл жөнінде көп айтылады, таза тіл жасауға үндейді. Таза тілдер

катарына қырғыз, қыпшақ, оғуз, яғма тілдерін жатқызады. Қазіргі қазақ тілінің бастауы саналатын бұл тілдердің орта ғасырда таза тіл болуының үлкен әлеуметтік, мәдени маңызы бар.

Ұлан-ғайыр сайын дала төсінде мекен етіп жатқан он миллион халықтар бір әдеби тілде сөйлеп, диалектілердің шырмауына шырмалмай таза тілді болуы қасиеті мен киесін түсінген. Саналы бабалар мирас еткен мұраның қәдірін түсінген болар.

Тіліміздің таза әдеби қалпын сақтауы Махмуд Қашқари сынды дана бабаларымыздың батасының дарығаны болар. Олай деуімізге себеп, орта ғасырдағы араб мәдениетін енгізе отырып, дәстүр жалғастығын сақтау үшін «диванның» әсері өте мол болған.

Шығармасының әлқиссасын: «Мен Тәңірдің гүлденген мемлекетті түркілердің топырағын да жаратқанын, өмір біліктері мен сол топырақты ғажайып өрнектегенін көрдім. Тәңірі оларды түркілер деп атап, асқан сән-салтанатқа ие қылды», дей бастайды. Түркі халқының тарихи санасын ояту, өздерінің халық ретінде ешкімнен кем емес екенін көрсету, рух беру деген осындай болар. Немесе: «Түрік Тәңір жарылқаушы Нұқ пайғамбардың ұлының есімі. Бұл есімді оған Тәңірдің өзі қойған. Оның ұрпақтары да түрік деп аталады...»

Жер жүзінің ең биік, ауасы таза бөлігіне қоныстандырып, «өз қосшым» деп атаған,-деуі орта ғасырдағы түсінік деп танымға әсер етуі мен рух беруі тұрғысынан ерекше мәнді, маңызды сөздер деп бағалаймыз. Яғни халықтық дәстүрлі танымды, әдеби тілді, менталитетті сақтаудың негізгі қаруы-рух болса, Махмуд Қашқари сөз арқылы халық рухын осылайша көтерген ғұлама.

Махмуд Қашқари түркі тілдерін топтастырғанда, қазіргі ғалымдарша емес, сол тілдердің табиғи қалпын сақтаған тазалығына, басқа бөтен тілдердің ықпалына түсу не түспеу деңгейіне байланысты анықтайды.

Автордың мұндай тұжырымға келуінің өзі оның негізгі концепциясы мен көзқарасын айқындай түссе керек. Ғұлама ғалым өзі жазып отырған түрлі диалектілер мен тілдерді бір бүтін әдеби тіл деп есептеп, соның

ішіндегі кірме сөздермен табиғи нұсқасын бұза бастаған тілдердің өзгеріске түсуіне байланысты топтастырады.

Махмуд Қашқари сөздігінен: (Қазынғұқ-қазық, ешгек-ешек т.б.) келтіріледі. Қазіргі қазақ тіліндегі қуман-қумған, шаңырақ-шаңғырақ, киіз-кигіз, диінмен-тегермен (төгершік-тоғыршық-тығырақ) сөздерінің әр өңірде әркелкі айтылу себебі де сол созылыңқы (-ғ,г) дыбысының кейде түсіп қалуына байланысты. Бұл келтірілген мысалдардың бірі бір сыңары-әдеби, екіншілері-жергілікті ерекшелік сипатында болғанымен, түптеп келгенде бәріде сөздік қорында бар сөздер.

Қалай болған күнде де Махмуд Қашқари өз еңбегін жалпы түркі тілдері жайында тиісті мәліметтер берумен қатар, сол тілдерді басқа жұртшылық өкілдерінің оқып үйренуі үшін жазған болуы керек, оның басты мақсаты осылай болған.

Ғалым В.В.Радловтың Махмуд Қашқариды түркі тілдерін өзара салыстыра отырып зерттеу ісінің «пионері» болды деген сөзі бекер емес сияқты, дәл айтылған, берілген баға.

Қыпшақ тілінің зерттелу тарихы әйгілі ғалым, филолог, қоғам қайраткері-Хас Хаджиб Махмуд Ибн Әл Хусейн Ибн Мухаммед Әл-Қашқаридың атымен байланысты. Ол өзінің «Девони луғат ат- турк» (түркі тілдерінің сөздігі) деген еңбегінде (XI ғ) көптеген түркі тілдерімен қатар қыпшақ тілін де қатты қадағалап зерттеген.

XI ғасырдың басы Сельджук бастаған оғыз түріктерінің тайпалары Сельджукиттер династиясын орнатып, Таяу Шығыс пен Орта Шығыста (Орта Азияның бір бөлігін, Иранды, Азербайжанды, Һндістанды, Иракты, Арменияны, Кіші Азияны, Грузияны т.б. біраз аймақтарды) басып алып, өз билігін жүргізіп тұрған уақыт еді.

Махмуд Қашқари осы жағдайға арқа сүйеген болуы керек, ол Бағдатта отырып былай деп жазды: «Бұқаралық бір сенімді ғалымнан және Нишапурлық басқа бір сенімді ғалымнан мынадай сөз естіген едім, олар бұл сөзді пайғамбар айтқан екен» дегендей етіп айтты: Қиямет-қайымның

белгілері, ақырзаманның аласыпыраны және оғыз түріктердің килігуі жайында сөйлескенде, пайғамбар былай деген еді; «түрік тілін үйрен, өйткені, олардың үстемдігі ұзаққа созылады».

Осы «Хадистің тура немесе тура еместігінің жауапкершілігі-айтқан кісілердің мойнында. Егер тура болса, түрк тілін үйрену міндетті түрде қажет болады, егер хадис тура болмаған жағдайда оны үйрену қажеттігін ақыл-парасаттың қалауы біледі».

Қалай болған күнде де Махмуд Қашқари өз еңбегін жалпы түркі тілдері жайында тиісті мәліметтер берумен қатар, сол тілдерді басқа жұртшылық өкілдерінің оқып-үйренуі үшін жазған болуы керек, оның басты мақсаты осында жатқан сияқты.

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын ең алғаш дүниеге паш еткен Махмуд Қашқари (XI ғ) екендігіне бүгінде күмән туғызбайды. Оның еңбегінде тарихи грамматикалық жөн-жобасы да жоқ емес. Біз сөз етіп отырған қыпшақ тілін бұл автор ылғи да басқа түркі тілдерімен байланыстыра отырып зерттеген. Сонымен қатар Махмуд Қашқари қыпшақ тілін көбінесе осы тілмен өзара генетикалық және типтік жағынан барынша жақын тілдермен, соның ішінде айырықша оғыз тілімен қатар қойып, әдейі бірге атап отырады, оларды тарихи-салыстырмалы түрде қарастырады.

Бұл әдісті қолданудың жөні де бар. Оғыздар VII-XI ғасырларда Орталық Азия мен Орта Азия өңірін жайлаған. Ол кезде Сырдарияның орта ағысы мен Арал теңізінің аймағын «Дешт-и-Гузи» деп атаған (XI ғасыр ортасында).

IX ғасырдан бастап бірте-бірте батысқа қарай жылжыған оғыз тайпаларының ізін басып, XI ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің құрамынан бөлініп, батысқа қарай ойысқан қыпшақтар «Оғыздар даласын» әйгілі «Қыпшақтар даласының» құрамдас бір бөлігіне айналдырып жіберген.

Оғыздар мен қыпшақтар» төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған», өзара «Мидай араласып жатқан» халықтар болатын. Сондықтан да олардың тілі бірімен-бірі жақын, тіптен ұқсас болса керек, Махмуд

Қашқари әлсін-әлсін әрқилы реестр сөздерге берген анықтамаларында «Оғыздар мен қыпшақтар тілінде» деген сөз тіркесін өте жиі қайталап қолданады.

Осыған байланысты Құл Хожа Ахмед Яссауидің «Хикметтер» тілін зерттеуші мамандар оны «Өзіндік оғыз-қыпшақ тілі саналады» деп атайды. Бұл анықтаманы беріп отырған Ә.Наджиб былай деп жазып кеткен еді: «Махмудтың сөздігінің пайда болуы қыпшақ-оғыз тіліндегі екінші түркі әдеби тілінің қарлұқ-оғыз тілі «Қутадғу біліг» тілімен қатар өмір сүріп отырғандығын көрсетеді».

Кезінде Мәмлүк мемлекетінің территориясында үстемдік құрып тұрған әдеби тілді. Ә.Нәжиб «XIV ғасырдағы Мәмнүк Египетіндегі қыпшақ-оғыз әдеби тілі» деп атаған (бұл атауды автор бірсыпыра еңбектерінде келтіріп отырады. «Оғыз-қыпшақ койне тілі» деп атайды.

В.В.Радлов Махмуд Қашқариды түркі тілдерін өзара салыстырып зерттеу ісінің пионері болды, деп есептеген еді. Ф.Бопп (1791-1867 ж.) салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізін салушы болып саналады (XIXғ). Ол үнді-европа семьясына жататын тілдер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Бұл жерде ерекше бір атап айтқымыз келіп отырған мәселе мынада: дүниежүзі тіл білімінің тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті ең алғаш қолданған Махмуд Қашқари еді.

Осыған орай біз кезінде былай деп жазған едік «Махмуд Қашқаридың этимологиялық сөздерінің қатарын үйренудің әдістері мен материалдары соны көрсетеді, А.М.Демиричизаде бекітеді, бұл әдіс үндіевропа тіл білімінде қолданылғандықтан түркі тілінде есепке алынбауы мүмкін емес».

Демек, қазіргі түркі тілдердің тарихын зерттеу барысында біз ең алдымен Махмуд Қашқаридың жазып кеткен мураларын басшылыққа алып отыруға тиістіміз. Түркі тілдеріне байланысты қыруар сөздердің лексикалық, семантикалық, грамматикалық, фонетикалық және ішара тарихи сипаттамаларын тәптіштеп талдап берудің үстіне Махмуд Қашқари тіл

табиғатын танудың және оны тексерудің әдісін де көрсетіп берді. Бұл автордың ғылымға қосқан үлесін осы жағынан да бағалай білуге тура келеді.

Жарық көргеніне мың жылдай уақыт өткен «Дивани луғат-ит түрkte» жарияланған төмендегі мақалдар, қараңыз: «ач не йемес, тоқ не темес», «бар бақыр, йоқ-алтун», «кіші аласы ічтін, йылқы аласы таштың», «Қуш қанатын, ер атын», «қорқмыш кішіге қой қулаққа йақышмас», «йазмас атым болмас, йаңылмас білге болмас», «кіші сөзлешү, йылқы йызлашу», «күзекү узун болса, елік күймес» т. б. аз-кем фонетикалық, грамматикалық немесе лексикалық ауытқыларын айтпағанда, қазіргі түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде де сол күйі дерлік сақталған.

Сондай-ақ Махмуд Қашқари заманындағы «Тағ тағқа қабушмас, кіші кішіге кубушур» дейтін мақалдың осы күнде қазақша: тау тауға қосылмас, адам адамға қосылар» болып, татарша: тау тау белән очрашмый, адәм белән очраша» болып, түрікше: дағ даға қабушмаэ, інсан інсана қабушар» түрінде айтылып, өзара туыстас тілдер құрамында біркелкі тұрақтану фактісі де сол азаматтық-дидактикалық сарындағы сөз жүйелерінің халықтық, бұқаралық негіздеріне табан тірейді.

Орта ғасырдағы өзге жазба мұраларға қарағанда М.Қашқари «Сөздігінің» сипаты бөлек. Өйткені сөздік материлы өз тұсындағы «тірі тілдердің» сөйлеу нормасын танытумен бірге, тайпалық тілдердің ерекшеліктерін, диалектілік айырмашылықтарды да қамтиды. Ал, сөздікке енген мақал-мәтелдердің дені мазмұн жағынан қыр елінің тіршілігін, аңшы, малшы, егінші шаруалардың тұрмыс қалпын елестетеді.

Қараңыз: тілкү өз ініге ұрса, узуз болур» (түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар), «ермегүге ешік арт болур» (ерінгенге есік те асу болар), «Ерік ерні йағылығ, ермегү башы қанлық» (еркі күштiнiң ерні майлы, еріншектің басы қанды), «ермегүге булыт йуқ болур» (еріншекке бұлт та жоқ), «емгек екінде қалмас» (еңбек егін жайда қалмас), «хан ышы болса, қатун ышы қалыр» (ханның ісі келгенде, қатынның ісі жайында қалар), «кетен көрді, керегү йүәті» (кедейшілік көрді, керегесін арқалады. Салыстыр: «кеден кеден болды,

кедергі неден болды», «бөрінің ортақ, қузғуның йығач башында» (бөрінікі ортақ, қузғындікі ағаш басында), «көк көрдү, керегү йазды» (көк көрді, керегесін жазды), «ердемсізден құт чертілүр» (күйсізден құт шеттер), «тевей сілкінсе, ешекке йуқ чықар» (түйе сілкінсе, бір ешекке жүк шығар).

Салыстыр: «түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр», «кічікда қатығланса, ұлғазу севнүр» (кішіде қатуланса, ұлғайғанда сүйінер), «тікмегінче өнмес, тілемігінче болмас» /тікпесең /екпесең/ өнбес/, «түнле йуруп, күндүз севнүр, кічікда евленіб, ұлғазу севнүр» /түнімен жүріп, күндіз сүйінер, жастай үйленіп, ұлғайғанда сүйінер/, «түтүшмегінче түзілмес, түб үрмегінче ачылмас» /түтіспей түзілмес, /жел/ түптен үрмей, /күн/ ашылмас.

Салыстыр: «Ер шекіспей, бекіспес»/, «от тесе, ағыз күймес»/»от» дегеннен ауыз күймес/, «ұры қобса, ұғыш оқылышур, йағы келсе іррем тебрешүр» /ұры бас көтерсе, ұру басын қосар, жау келсе, қауым тебіренер/, «арпасыз ат ашумас, арқасыз алп черік сыйумас»/арпасыз ат асудан аспас, арты сенімсіз алып шеру тартпас/, «іңен іңресе, боту бозлар» /інген ыңранса, бота боздар/. Ескерту: осы соңғы мақал өзбек тілінде «Урғочи туя инграса, еркак туя бузлайди /товуш беради/», -деп, қате аударылыпты. Бұл жерде «бота» сөзі «бура» мағынасында түсіндірілген. Шамасы өзбек әдеби тілінде түйе атаулары термин ретінде қалыптасып жетпеген тәрізді.

Біздің Махмуд Қашқари сөздігінен келтірген бұл соңғы мысалдарымыздың баламасы қазіргі қазақ тілінде сақталмаған, болса, арагідік ұшырасады. Алайда, соған қарамастан, осы мақал-мәтелдердің халықтығы, әрі ерте дәуірдегі қазақ тіршілігіне әбден үндесетіні ешбір күмән тудырмаса керек. Әйтсе де аталған жазба ескерткіштегі сөз өрнектері тек қана ауызекі поэзия дәстүріне тән деуге болмайды.

Мәселен, «Алп ар Тоңа өлдіму», «Қыс пен жаздың тартысы», «Ұйғырлармен соғыс», «Йамақ /қимақ/ жұртымен соғыс», «Таңғуттармен соғыс» жайындағы өлеңдер түгелдей 7-8 буынды тармақтардан тұратын төрт жолды шумақтар. Бұл өлеңдердің ұйқасу тәсілі кейінгі дәуірде кездесе бермейтін тәртіпке негізделген.

Қараңыз: Алп ер Тона елдіму,
Есіз азун қалдуму,
Өзлек өчін алдуму,
Емді йурек йуртулур.
 Өзлек йарағ көзетті,
 Оғру тузақ узатту,
 Беглер бегін азутту,
 Қачса қалу куртулур.

Бұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы, яки тармағы, біркелкі ұйқасып келеді, соңғы төртінші жол бос қала береді. Бірақ ол да келесі шумақтың осындай ақырғы тармағымен ұйқасып, бүкіл өлеңнің желісін біртұтас жүйемен тұтастырады.

Сөйтіп, Махмуд Қашқари сөздігіне енген өлең үлгілері қазіргі қазақ поэзиясының ұйқасу тәсіліне де, немесе халық өлеңдерінің түр, шумақ, тармақ аралық байланыс тәртібіне де сәйкесе бермейді. Алайда сол орта ғасырлық түркі өлеңдерінің пафосы, жалпы сарыны, тіпті, буын санының /7-8/ квантитатив жүйесі де фольклор негізді екені күмән тудырмайды.

Эпосқа тән ел болып ұрандасу, отан қорғау идеясы, жұрт қорғаны болған еңіреген ерлерді жоқтау қомақты тақырыпқа құрылған өлеңдердің ең басты көркемдік шешімі болып келсе, ұсақ жанрлы өлеңдер қәдімгі ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларымен өзектесіп жатады. Әрі бұндай ірілі-ұсақты туындылардың бәрі де сөздік құрамы жағынан нағыз халықтық деуге болады.

Бұларда жасанды лебіз, жалтылдақ сурет, ана тілінің табиғатына жат тілбұзарлық қолданыстар, орынсыз әшекейлеу салдарынан туатын стильдік зорлық секілді бөгде көріністер жоқ.

2. М. Қашқари сөздігі туралы зерттеушілердің пікірлері

Қыпшақ тілінің зерттелу тарихы әйгілі ғалым, филолог, қоғам қайраткері-Хас Хаджиб Махмуд Ибн Әл Хусейн Ибн Мухаммед Әл-Қашқаридың атымен байланысты. Ол өзінің «Девони луғат ат- турк» (түркі тілдерінің сөздігі) деген еңбегінде (XIғ) көптеген түркі тілдерімен қатар қыпшақ тілін де қатты қадағалап зерттеген.

Автордың өзі де еңбегінде оғыз жазба тілінің құрамына оның толық компоненті болып, қыпшақ, иемек, булғар, печенег диалектілерінің енгенін ескертіп отырады. Ғалым Ә.Наджиб мұраның тілін аралас тіл деп атауды ұсынғанда, сірә осындай негізгі факторларға назар аударған болуы керек.

Академик А.Н.Кононов өзінің «Махмуд Қашқари және оның «Девони луғат ат - түрк» атты мақаласында автордың сөздікті жазудағы мынадай үш мақсаты болғанын жазады:

1. Түркі тілінің сол кезеңдегі (XI ғ.) мәртебелі тіл-араб тілінен ешқандай кем еместігін дәлелдегісі келді.

2. Хижраның 448-449 жылдары (1056-1067) Шығыс Қараханидтер державасында қанды оқиғалар жиі болып тұрды. Осы жағдайлар Махмуд Қашқаридың елін, туған жерін тастап кетуге мәжбүр етті. Ол бүкіл түркі тайпаларын аралап ғылыми жұмыспен айланысты.

3. Өзінің сөздігінен алынған «Өзіңді олардың оғынан қорғау үшін парасатты адамға тән, ең жақын, ең лайықты нәрсе-мықтылар олардың жолын ұстау. Түркілердің қайғы қасіретіне назар аударуы үшін олардың жүрегін жаулаудың бір ғана жолы бар, олардың өз тілінде сөйлеуі керек»-деп жазып кеткен.

Кезінде Мәмлүк мемлекетінің территориясында үстемдік құрып тұрған әдеби тілді Ә.Нәджиб «XIV ғасырдағы Мәмлүк Египетіндегі қыпшақ-оғыз

әдеби тілі» деп атаған (бұл атауды автор бірсыпыра еңбектерінде келтіріп отырады. «Оғыз-қыпшақ көне тілі» деп атайды.²

В.В.Радлов Махмуд Қашқариды түркі тілдерін өзара салыстырып зерттеу ісінің пионері болды, деп есептеген еді. Ф.Бопп (1791-1867) салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізін салушы болып саналады (XIXғ). Ол үнді-европа семьясына жататын тілдер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Қазақ тілінің тарихы мен тарихи грамматикасының хал – жайын айтқанда, Махмуд Қашқаридің еңбегінсіз қия баса алмайтынымыз белгілі. Бүкіл түркі халықтары грамматикасының атасы саналатын Махмуд Қашқари еңбегін біз де қазақ тілінің тарихи грамматикасына арқау етеміз. Мұнан былайғы жерде негізгі ойымыздың желісі М.Қашқаридың грамматикалық көзқарасын талдай отырып, жазба ескерткіштердің ерекшеліктерін ескеру төңірегінде болмақ.

Өйткені көне түркі жазбаларына да, онан кейінгі кезде де, Махмуд Қашқари замандастарында да түркі тілдерінің грамматикасын арнайы сөз еткен адам әзірге бізге мәлімсіз. П.М.Мелиоранскийдің «Араб филолог о турецком языке» атты докторлық диссертациясы Абу – Хаямның «Китаб ал – идрок ли – лисан – ал атрак» атты еңбегін талдай келіп, бұл да түркі тілі грамматикасы емес екенін айтқан. Сол алуандас араб – иран филологтары да, Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан көне ғұламалардың ешқайсысы түркі тілдерінің грамматикасын жасай алмаған.

Сондықтан да Махмуд Қашқари орта ғасырлардағы ғылымның алыбы, әрі жетік лексиколог, асқан грамматист, тарихшы, әдебиетші, қысқасы – жоғары мәдениетті ғалым дәрежесінде танылады. Осы жағдайларды ескерсек, өткен ата-бабалардың ең бір көрнектісінің өскен ортасы, өмір жолы қандай екенін айтуға міндеткерміз.

² Наджип Э. Кипчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дис. ... докт. фил. наук. –Москва: 1965. –45 б.

Махмуд Қашқари 3 томдық сөздігі «Китобу диуани – лұғат – ит түрк» деп аталады. Махмуд Қашқари альфавитті де көне түркі дейді. Ол альфавитті түркологтар неге көне, ұйғырдікі деп атады? – деген сұрауға академик Дм.Позднеев: - «Шыңғыс жорығы тұсында (XIII-XIVғасыр) батыстың саяхатшылары мен миссионерлері шығысты кезіп жүріп, Қарақорымда ең алдымен ұйғырға кездесті де, сонан былай қарай басқа халықтарды ұйғыр, басқалардың мәдениеті ұйғырдікі деп, Европаны даулықтырды да кетті», - деп орынды пікір айтқан болатын³.

Ұйғырлар бұл кезде Тень –дә мен Гань – чжоу арасында, Селенгі өзені бойында болатын. Онан әрі шығысқа қарай созыла ойысып, XI ғасырда Қытайға көрші Куча, Турфан ойпатында отырған, сондықтан В.В.Радловтың пікірін Дм.Позднеев, жансақ пікір деп, қатты сынға алған⁴.

Сөйтіп XV – ғасырға дейін ұйғырлар Тянь – Шанға келмегенін дәлелдей келіп, Шмидт, Бензаров, Радловтар пікірі қате екенін батыл да әділ шенегенді.

Айта кету керек, академик В.В.Радлов түркологияға беретінін алған жоқ. Ол бар өмірін сарп етіп, жанын сала еңбек еткен, бар күш – жігерін жұмсаған, сан түрлі көне мәдениетімізді жинап қана қоймай оны (түркологияны) дамытуда теңдессіз үлес қосқан ғалым.

Қажырлы қайраткер В.В.Радлов – асусыз асқар белдей, түркологияның алыбы, шығыстану майданында шыныққан шым болат. Оның бізге қалдырған мұрасы да мол. Оны қадір тұтамыз. Әрине, көптің ішінде не болмайды, орынды айтылатын озат та соны пікірлермен ілесе, кейбір қателер де, кемшіліктер де кездеспек. Сондықтан В.В.Радловтың қатесін оның айыбы емес, дәуірінің қайшылығы деп түсінген жөн.

Бұл қате Плато Карпини (1259), Рубруквись (1272ж) тағы басқаларда да болды. Олар да Орта Азияда алғаш ұйғыр деген халықты жазып алды да,

³ Позднеев Дм. Исторический очерк об уйгурах. Спб. 1890. с. 11

⁴ Бұл да сонда.

Батыс Европаға таратты. Бұдан былай қарай аласұрып іздеген батыстықтар басқа халықтардың бәрін ұйғырға теліді. Ол кезде ұйғырлар шығыс Түркістанда болатын (XIII-XIV^{ғғ}) Махмуд Қашқари заманында олар Ханьгайда (Тобида) тұрған. 1074 жылдан былай қарай ұйғырлар: Гаочандық, Арсландық, Ган-чжоулық болып бытыраған. 1123 жылы Качэн, Гасчен, Энь-чен деген ұйғырдың үш қаласы Орталық Қытайға күшпен қосылған. Бұл дақырттан түркологтардың өзі де әлі арыла алған жоқ.

Сөйтіп, «Диуани лұғат ит түрік» (1074) жазылған кезде үйсін жерінде, бұл өлкеде ұйғыр болған жоқ-ты. Олар Турфан ойпатында өз алдына жеке мемлекет болатын.

Ұйғырлардың тілі түркіше, өзара бірімен-бірі сөйлесетін тағы бір тілдері бар»⁵ – дейді. Махмуд Қашқари, ұйғырды түркілерге қоспайтын жерлері де бар. Мысалы, «Ұйғырларға жақын жерде көптеген сахрауи түріктер бар еді»⁶, мүмкін Бишбалықтың маңындағы қазақ, қырғыз, өзбектер болар? Қазақтың найман руы тайпасынан қызай, тағы басқалар ертеден сол жерлердің тұрғыны еді. Махмуд Қашқари соларды айтып отырған болар.

Шығыл тілі қашқар, яғни, тұхси тілдеріне ұқсас болып, оғыз тілінен айырмашылығы бар екен. Сол шындықты М.Қашқари айтса, оны бұрмалауға ешкімнің қақысы жоқ. Ақиқаты – осы.

Тұхси кім десек, оны академик В.В.Бартольд – түргештер еді⁷, – дейді. Түргеш кім? Ол Дулудың (дулаттың) бір тайпасы екенін ориенталистер дәлелдеген.⁸

Академик В.В.Бартольд: «Шығылдар Ыстықкөлдің солтүстік шығысын мекендеген ел еді»⁹ – дейді. Олай болғанда, ертеректе үйсін мемлекетінің астанасы болған Чығу қаласының маңында мекендеген болады. Оның батыс

⁵ Махмуд Қашқари. Диуани лұғат – ит түрік. Өзбекше аудармасы. I том. 44 б

⁶ Бұл да сонда. 135 б.

⁷ Бартольд В.В. Очерки истории Самаречья. Фрунзе. 1943. с 191.

⁸ Бичурин Н.Я. Собрание сведений ... М.Д. I. 1950. с 286

⁹ Бартольд В.В. История культурной жизни Туркменстана. 1927. с 71

көршісі – тухси (түргеш түрк кіші) болса, Барсыған аймағы олардың мекені екені анық.

Әрине, бұл кезеңде, XI ғасырда мұсылман дінін үгіттеген араб басқыншылары орнына келген ирандық – самонид хандығын әлсіретіп қана қоймай, мүлде құртқан қараханидтер еді. Олар түркіше, яғни ана тілінде кітап жазуға ерік берген. Осы кезден бастап, XV ғасырға дейінгі кезден кітаби тіл қалыптасқан. Соның өзінде де бірден орныға қоймай, біресе олай, біресе бұлай ауытқығанын айта келіп, проф. А.К.Боровков: осы кез (XI – XV) тіл жөнінен ең күрделі, аса қиын кезең еді¹⁰ – дейді.

Марқұм С.Е.Малов та бұл кездің қиындығын айта келіп, ендігі жерде даурықпа сөзді қойып, фактіге сүйенген келелі іске көшетін уақыт жетті. Көне тіл – зерттелмеген соны дүние, онда шешуді күтіп тұрған тың мәселелер жатыр, дей келіп соған жұмылу керектігін айтқан¹¹.

Махмуд Қашқаридың осы картасын клише жолымен көшіріп бастырған өзбек ғалымы С.Муталибов бұл картаға «қосымшалар» енгізуге де тырысқан. Түпнұсқада аты жазылмаған бір қаланы (Баласағунның жанындағы) Бухара деп тұспалдаған да, картаға солай жазып қойған.

Балқаштың батыс жағындағы үлкен жапырақ формалы көл Каспий екендігі дау тудырмайды. Олай деуге оның жанында белгіленген екі-үш жер атауы толық негіз бола алады. Жоғарыда біз картадағы қалаларды талдағанда аталған Дербенд хазаран (Хазарлардың темір қақпасы) Каспийдің батыс жағында немесе Дербенттің дәл қазіргі орнында көрсетілген.

Екінші топоним Маңғышлағ Каспийдің оңтүстік жағасында немесе қазіргі Маңғышлақтың өз орнында белгіленген. Маңғышлағ туралы: «Маңғышлағ-оғыздар еліндегі бір жердің аты»–делінген. Бұл екі топонимнен басқа, Каспийдің солтүстік жағынан Еділ ойпаты (Уади Етил) деген сөздерді оқимыз. Демек Еділдің (қазіргі Волга өзені) Каспийге құятынын Махмуд Қашқари өте дәл көрсеткен. Картаның оңтүстігінде тағы да екі өзеннің аты

¹⁰ Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тюркского языка XII-XIII вв. М. 1963. с 3

¹¹ Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М. 1953. с 6.

жазылған. Оның бірі – Жейхун (қазіргі Амудария), екіншісі – Сейхун (Сырдария).

Картадағы бұл өзендердің аты олардың бастамалар тұсына (қазіргі Ауғанстан тұсына) жазылған. Ал қайда құятыны айтылмаған. Тек Жейхун мен Сейхун (Амудария мен Сырдария) жақтан басталған біржуандау қара сызық Хорезм қаласына дейін жетіп тоқтайды.

Демек, Махмуд Қашқари осы Хорезмнің түбінде Хорезм теңізі (Қазіргі Арал теңізі) бар екендігін дәл берген. Бірақ картаның кішілігінен оның орны арнайы белгіленбей қалған. Ол тұрмақ, Махмуд Қашқаридың қолжазбасында тұрған 70-тен артық қаланың, оннан астам өзен, көлдің көпшілігі картаға еңбей қалған. Оның есесіне картада оңтүстік батыс жақты мұсылман елдері толығырақ көрсетілген.

Мысалы: Парсы елдерінен (бәләдун парсы) Африканың берберлеріне дейін созылған. Ал Хорасаннан кейін Ирак жері (арзун Ирак), одан әрі Мысыр (Египет), Шам (Дамаск) жайғасқанын, ең шеткі қала Александрия екенін жоғарыда айтқанбыз.

Енді Қарачук қаласы туралы бірер сөз айта кетуге тура келеді. Өйткені Махмуд Қашқаридың картасында көрсетілген түркі қалаларының ішінде ерекше белгісі бар бірден бір қала осы – Қарачук. Испижаб (қазіргі Шымкент) пен Таразға таяу көрсетілген қыпшақтар мен оғыздар мекені (Мискин кыфчак уа ғузиэ) деген жерде Қарачук тауы (Жәбәл Қарачук) атты топоним бар.

Ғалым осы Қарачук туралы қолжазбасында: «Қарачук – Фараб шаһарының екінші аты, ол оғыз елдерінің де аты» деп түсіндірген. Ал қазіргі Отырарды арабтар Фараб деп атағаны ғылымда белгілі. Картада сол Қарачук қаласының асты қалыңдығы 2,5 миллиметр қара сызықпен баттита сызылған.

Мұндай сызық басқа бір де бір қалада жоқ. Осы бір ерекше белгісіне және өзі тұрған мекенді өзге жер, сулардан бөлектеп көрсетуіне қарағанда, Махмуд Қашқари әйгілі еңбегін осы Қарачукта (Фарабта) отырып жазғаны мүмкін-ау деп ойлайсың. Оның үстіне ол: «Манкенд-Қашқар жақтағы бір

каланың аты», - деп жазған. Бұл жердегі Манкенд деп отырғаны қазіргі Шымкенттің түбіндегі темір жол станциясы орналасқан жер болуы мүмкін.

Жергілікті тұрғындардың ежелгі көне қала Манкендтің атын сақтай қалуында осындай сыр бар сияқты. Немесе қолжазбада: «Қызыл ауыз-Қашқар тауларының білігіндегі ауыл (қышлағ)», – деп көрсеткен. Махмуд Қашқаридың «Қашқар таулары» деп отырғаны XVIII ғасырдан кейін «Жоңғар таулары» аталған таулар болуы керек.

Өйткені «Қызыл ауыз», деп аталатын жер, су, қоныс атаулары қазіргі Асы жайлауында (Талғар шыңының шығысында) екі жерде кездеседі. Асы жайлауының оң жағында «Үлкен қызыл ауыз», «Кіші қызыл ауыз» дейтін екі қоныс бар. Бірақ мұнда Махмуд Қашқари айтқандай «Қышлағ» жоқ. Тек ел жайлауға шыққанда пайдаланатын қоныс қана кезігеді.

Мүмкін, XI ғасырда бұл жерді мекендеген көшпенділер қыстап қалатын кездері де болған шығар. Қалайда «Қызыл ауыз» сияқты жер аттарының Асыдан табылуы біздің ойымызды растай түседі. Қолжазбада: «Ақ терек-Ярмалар жеріндегі Іле өзеніне салынған көпірдің аты» делінсе, Іле туралы былай жазылған: «Іле бір өзеннің атауы, ол – түркі халықтарының Жейхуны (Амудариясы). Ол өзеннің екі жағалауында яғма, тухсы және аздаған чігілдер өмір сүреді»

Махмуд Қашқари барлық жер-су аттарын өзі жасаған картаға түсірген. Диаметрі 18 см болатын дөңгелек ішіне салынған бұл шағын карта араб тілінде белгіленіп жазылған. Румнан Қытайға дейінгі территорияны – түркі жері, түркі шаһарлары деп белгілей отырып, бәрінің арасы 5000-8000 фарсқа жетеді, бұл шаһарлардың орнын анықтау үшін әрқайсысын «Жер формалы шеңберде көрсеттім» дейді.

Картада жер, су, қала аттары мен тайпа аттары, тайпалар орналасқан территориялар дәл көрсетілген. Майлы бояумен тауды, жұқа бояумен елді мекенді, қою көкке-көлді, ашық-көкке өзенді белгілей отыра, жоғары жағын-батыс, төменгі жағын-шығыс, екі жақ бүйірін-оңтүстік пен солтүстікке бөлген.

Бұл карта жөнінде де әртүрлі пікірлер бар. Араб тілінің маманы И.Ю.Крачковский картаның дұрыс салынғанына күмәнмен қарайды, И.Умняков картаның алғашқы нұсқа емес, бұдан бұрынғы картасында жер атаулары мен тайпалар территориясы толық салынған дейді.

Араб филологиясында үлкен тәжірибелерді үйренген және соның принциптері мен әдістерін басшылыққа алған түркі халықтары данышпаны Махмуд Қашқари түркі тілдерін бірінші болып ғылыми негізде материалдар жинап, зерттеп түркі филологиясының негізін салды. Ол өзінің шығармасын араб тілінде жазды, оның бұл шығармасы түркі тілдері бойынша өте құнды жазба ескерткіш болды.

XI ғасырдың соңында жазылған ғалым Махмуд Қашқаридің «Диуани луғат-ит-түрк» (Түрк тілінің диуаны жинағы) деген үлкен шығармасында исламғаша болған ежелгі түрк тайпаларының көптеген өлеңдері, жырлары орын алған.

X ғасырдың соңында Орта Азияда иран тілді Саманилер үкіметі түркі тайпалары тарапынан құлатылып, басшылық түркі тайпаларынан Қараханилер династиясының қолына өткен еді. Осы уақыттан бастап Орта Азиядағы иран тілді халықтардың көпшілігінің түркіге айналу процесі күшейді. Қараханилер мемлекеті түзілгеннен соң көп кешікпей ол бірнеше бөліктерге бөлініп, олар өз алдына басқарылатын мемлекеттік бірлестіктерге айналады, оларды түркі әкімдері басқарады. Түркі әкімдерінің сарайларында түркі және парсы тілдерінде жазатын ғалымдар, ақындар бірігеді, оларға түркі әкімдері қамқорлық жасайды. Өзкенд, Қашқар қалалары Қараханилер мемлекетінің саяси, мәдени орталығы болған еді.

Түркітер жайласқан жерлерді аралауға Махмуд Қашқариді мәжбүр еткен себептер қандай болса да, мейлі ол өзінің дұшпандарынан жасырынуға ұмтылу болды ма, яки оның саяхатының мақсаты дүниетану болды ма, бәрібір, ғалым өте бай тіл және әдеби материалдар жинауға ерісті.

Орта ғасырлардағы кең өркендеген арабтардың мәдениетінің бір тарауы болған араб тіл білімімен байланысты болған тюркологияның негізін салушы

Махмуд Қашқаридің “Диуани луғат ит-түрк” еңбегі түркі тілдерінің тарихын сондай-ақ, түркі халықтарының жалпы мәдениетінің тарихын үйренуде құнды материалдар беретін теңі жоқ дерек болып қалады. Көп замандар бойы жұмбақ болып келген белгісіз ғалым Махмуд Қашқаридың бұл еңбегі ғасырлар бойы сансыз араб қолжазбаларының арасында көзге түспей белгісіз болып келді. Ол тек жақында ғана осы ғасырдың бастарында Түркияда Әли Әмір Диярбәкір атты адамның жеке үй кітапханасынан табылып, түрк ғалымы Ахмед Рифат тарапынан 1915-1919 жылдары Стамбулда басылып шықты.

Міне осы кезден ғажайып ғалым Махмуд Қашқаридің еңбегінің аты дүниенің барлық елдеріне белгілі болды. Тюркология ғылымының атасы болған Махмуд Қашқаридің бұл еңбегі салыстырып зерттеуді саналы түрде ғылыми принципте негіз еткен түркі энциклопедиясы болып есептеледі. Бұл еңбек өзінің ғылыми баяндамасының дәлдігі, берілген материалдардың байлығы жағынан ешбір теңі жоқ шығарма.

Бұл шығармадағы түркі тайпаларының тарихы, фольклоры, мифологиясы бойынша бай мәліметтер беріледі. Айырым сөздерді түсіндіру үшін автор тарапынан өте көп өлеңдер, мақал-мәтелдер, әр түрлі сөйлемдер келтіріледі және бірқатар сөздердің этимологиясын беруге әрекет жасайды. Махмуд Қашқари өзінің бұл туындысын жазғанда ол дәуірде оған үлгі боларлықтай басқа еңбек жоқ еді, ол бұл тарауға өзінше жол салды, материалдарды жинауда, оларды бір тәртіпке келтіруде өзінше метод қолданды, сонымен бірге ол патриоттық сезімді басшылыққа алып түркі тілдерінің сол дәуірдегі мұсылман елдерінде халық аралық ғылым тілі дәрежесіне көтеріліп тұрған араб тілінен ешқандай кем еместігін дәлелдеді.

Тілдердің алғаш бір-бірінен айырмашылығының аз болғаны, олардың бір-бірінен ажыралуы даму процесінде жүзеге келгендігін принципке алып, Махмуд Қашқари әр түрлі түркі тілдерінің өзара дыбыстық сәйкес келулерін, олардағы дауыстылардың сингармонизмдік өзгешеліктерін және ол өзінің

жұмысының бастан аяғына дейін тиісті орындарда қосымшаларды анық көрсетіп өтеді.

IX ғасырдың өзінде-ақ бұл ғажайып ғалым тарапынан түркі тілдерінің фонетикасының, морфологиясының негізгі заңдары түбегейлі үйреніліп анықталған еді. Соның үшін Махмуд Қашқаридің өзінің еңбегінде мақтаныш пен айтқан: “Мен өзіне теңдесі жоқ кітап жаздым. Менің еңбегім үлгі болсын деп сөздердің негізін, олардың келіп шығу себептерімен қосып баяндадым және олардың анықтамаларын айттым. Сөздердің әрбір тобын баяндағанымда сөздердің өзгеруін дәлелдеп бердім. Өйткені, данышпандық карапайым шындықтардан келіп шығады” деген сөздері өте әділ айтылған.

Ұлан-ғайыр сайын дала төсінде мекен етіп жатқан он миллион халықтар бір әдеби тілде сөйлеп, диалектілердің шырмауына шырмалмай таза тілді болуы қасиеті мен киесін түсінген. Саналы бабалар мирас еткен мұраның қәдірін түсінген болар.

Топонимикада ерте кездерден-ақ елді мекендерді, ауылдарды, қалаларды жалпы алғанда белгілі бір аймақты сол жердің физико-географиялық белгілеріне қарай атауы үрдіске айналдырған.

Қазақ тіліндегі жер-су атаулары құрамындағы түр-түс атрибуттары қандай да бір географиялық терминмен тіркесуге бейім келетіндігі, соған басымдық беретіндігінің байқалғандығы төл топонимиконның өзіне ғана тән ұлттық ерекшелігін айқындай түседі.

Этнологиялық кеңістіктегі Адам, Қоғам, Табиғат идеографиялық құрылымдарының тармақ, жіктемелерін құрайтын концептуалдық жүйелер, яғни ұлттық топонимдік атаулар, қоршаған ортаны қабылдау, ат беру қазақ халқының дүниетанымы сүзгісінен, ұлттық сана елегінен өткізілген тілдік-менталдық бірліктер.

Тіліміздің таза әдеби қалпын сақтауы Махмуд Қашқари сынды дана бабаларымыздың батасының дарығаны болар. Олай деуімізге себеп, орта ғасырдағы араб мәдениетін енгізе отырып, дәстүр жалғастығын сақтау үшін «Диванның» әсері өте мол болған.

II ТАРАУ. «ДЕВОНИ ЛУҒАТ АТ - ТУРК» СӨЗДІГІНДЕГІ ЭТНОТОПОНИМИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

1. М. Қашқари картасының топонимикаға қосқан үлесі

Махмуд Қашқаридың дүние жүзінде белгілі «Кітаб диуану луғат ат-түрк» атты еңбегінің әдеби тіліміздің жазба деректері ретіндегі орны ерекше. Түркі тайпаларының «Диуану-луғатта» қамтылған жеке сөздері, сөйленіс айырымдары, халық өлеңдерінің үлгілері осы кезге дейін жан-жақты тексеріліп, зерттеліп келді. Әйтсе де сөздікке енген лексикалық единицалар тіл байлығының ежелгі көріністері деп танылғанмен, сол сөздер арқылы келіп жеткен бірсыпыра тарихи мәліметтерге тиісінше көңіл бөлінген жоқ.

Сондай тарихи мәні бар деректер Махмуд Қашқари сөздігінде сақталған түркілердің көне географиялық (атаулар жайында) картасын атауға болады. Төменде осы картаның жай жоспары, онда көрсетілген атаулар жайында сөз қозғамақпыз.

Махмуд Қашқари қолжазбасының ішінде диаметрі 15 сантиметр «Дайра» – «шеңбер» деп аталатын карта бар. Бұл карта 1915 жылы Стамбулда К.Рифат (түрік ғалымы) жасаған фотокопияның бірінші томының 208 бетінен соң орналастырылған.¹²

Егер Махмуд Қашқаридың түркі халықтарын орналасу ретімен атағанына жүгінсек, ол бірінші томның 31 бетінен соң тұруы керек еді. Бірақ бізге керегі – картаның қай бетте орналасқаны емес, оның сонау XI ғасырда жасалғандығын және ол беретін деректердің баға жетпес құндығын айту. Бір ескертетін нәрсе, Махмуд Қашқари картасының кейінгі карталардан үлкен айырмашылығы бар.

¹² Стамбулдағы табылған нұсқасы. 1915-1917. 1-3 т

Қазіргі кез келген картада жердің күн шығыс жағы оң жағымызға, батысы сол қол жағымызға, солтүстік жарты шар маңдай алдымызға тура келеді. Ал Махмуд Қашқари картасына қарап тұрған адамның маңдай алдында жердің Оңтүстік шығысы тұрады. Оң қол жағында – Оңтүстік, сол қол жағында – Солтүстік.

Енді осы картада көрсетілгендерді оқушыларға жүйелі әңгімелеп беру үшін түркі халықтарының Шығыс, Шығыс солтүстік шекарасынан бастайық. Жабарқа-Жапонияның аты. Жабарқа туралы Махмуд Қашқари: «Бұл елдің тілі бізге беймәлім, олармен машындарды (Манжурларды) үлкен теңіз бөліп тұрады», – дейді.

Осы Жабарқаны аудармашылардың барлығы бірауыздан Жапонияның аты деп таниды. Мұны академик А.Н.Кононов та қолдайды¹³. Картада одан кейін машын белгіленген. Оның баламасы Тауғаш деп алыныпты.

Махмуд Қашқари бұл Машынды ең қиыр шеттегі Қытайдың бір бөлігі деп түсіндіреді. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде Машын туралы пікірлер бір ізге түскен жоқ. Біздің жобалауымызша ғалым айтып отырған Машынның орны қазіргі Қытайдың Бейжин (Пекин) тұсын көрсетіп тұрған сияқты.

Бұдан соң картада түркі елдерінің жер, сулары көрсетілген. Қазіргі Монғол жеріне тура келетін тұсқа Махмуд Қашқари: «Ұйғыр елі» (бәләдун уйғыр), – деп жазады да, оларға қарасты бес қаланы түгел көрсеткен: 1. Хатун сыны 2. Сүлім 3. Қужу 4. Жанбалық 5. Бешбалық.

Бұл тұста тағы да екі қаланың орны белгіленген, бірақ олардың аттары жазылмаған. Ғалым аталған бес қаланы басқа түркі елдерінің жер-суларынан арнайы сызықпен бөліп көрсеткен. Бұлардың сыртында Махмуд Қашқари жаңағы ұйғырларға қарасты қалалардың салыну тарихынан қызықты

¹³ Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его Дивану лугат-ит-турк // Советская тюркология. 1972. № 1

деректер де келтірген. Мысалы, аталған бес қаланы «Зулқарнайн (Александр Мокедонский) салдырып еді»¹⁴, – дейді.

Бұл дерекке қарағанда қалалардың салынғанына кем дегенде 2300 жыл болған. Бір ескертетін нәрсе – Махмуд Қашқаридың картасында белгіленген бес қаланың (Хатун сыны, Сүлім, Қужу, Жанбалық, Бешбалық) аттары қолжазбаның 103-бетінде (I том) түгел келтірілген. Бірақ мұнда Хатун сыны дейтін қаланың орнына Иақы-балық дегені қосылған да, оның картадағы орны көрсетілмеген.

Ғалым картаның дәл ортасын төртбұрыштап, қоршап сызған да, ішіне (Шығыстан батысқа қарай бағытпен) 21 қаланың орнын көрсеткен. Алайда сол қалалардың жетеуінің аттары жазылмай қалған. Қалған он төрт қаланың бел ортасында Барысқан шаһары белгіленген. Махмуд Қашқаридың айтуынша Барысқан қаласында оның әкесі Хусайн туған екен. Ол қолымыздағы картада Барысқан деп берілсе, қолжазбада Барысқан болып жүр.

Барысқанның картадағы орны Баласағұнның шығысында, Қошқарбашының солтүстік жағында. Кейбір зерттеушілер Қошқарбашыны қала деп біледі. Бірақ бұл қала емес, өзен аты. Өйткені «башы», – деп көне түркі руникасында кішкентай өзенді, өзен бас алған бастауды атаған. Мысалы: Тез башы – Тез өзені, Кейребашы – Кейре (Керулен) өзені т.т. Баласұғынның да, Қошқарбашының да дәл қай жерге орналасқаны күні бүгінге дейін анықталған жоқ.

Демек, Махмуд Қашқаридың бұл белгі соққан тұсында Қошқарбашының орнында қазіргі Қырғызстанға қарасты Қошқар-ата деген өзен бар. Ал Баласағұн болса, орналасуы жағынан Таразға (қазіргі Жамбыл

¹⁴ Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. Алматы. 1989. 157 б.

қаласы) жақындау жатыр. Ол Баласағұнның Құз Орда, Құз Ұлуш дейтін екі атты болғанын да айтады.

Баласағұнның шығыс жағындағы аттары жазылмаған жеті қаланың төртеуі осы Барысқанның шығысында тұр. Оның бірі қазіргі Алматы (Алмалық, Есік) сияқты. Олай дейтініміз, Алматымен бір сызық бойында жатқан, қазір Қытай шекарасында (Шығыс Түркістанда) тұрған Куча қаласы картада да дәл осы тұста белгіленген.

Оның үстіне Кучаның батыс жағында Барман (Шығыс Түркістандағы Ақсу қаласының орнына келеді), одан сәл төмен Оч (Ош) қалалары көрсетілген. Махмуд Қашқарида Барман деп берілген қала туралы мынадай дерек айтылған: «Иүңкү (Үйеңкі) өзенінің бойында Афрасиябтың (Тұңға Алып Ер) Барман деген ұлының құрметіне салынған қала бар».

Бұдан соң оңтүстікке қарай Қашқар, Иаркенд, Хотан қалалары қазіргі орындарда белгіленген. Махмуд Қашқари түркі халықтарының оңтүстік шекарасын (Қашмир), одан әрі Индияға дейін жеткізіп тоқтайды. Қашмир қаласы туралы да қызық деректер айтылған: «Қашқар қаласында Хақандар тұратындықтан оны Ордакенд деп те атайды». Немесе: «Кеуші – (0,5 килограмм зат өлшеуге болатын таразы). Қашқардан ұйғырларға дейінгі елдер тұтынатын құрал», – дейді.

Бұлардан басқа да Қашқар қаласының аты аталатын Баласағұн қаласы туралы Махмуд Қашқари үш жерде сөз етеді. Алғашқыда «Баласағұндықтар түркіше және Соғды тілдерінде сөйлейді», – дейді. Енді бір жерінде: «Құс жаманы сауысқан, шөп жаманы желкен, адам жаманы – Баласағұндықтар», – дейді де, «Себебі, Баласағұндықтардың пиғылы жаман», – деп ой түйеді.

Түркі халықтарының оңтүстік батыс шекарасы Хорасан, Ирак, одан әрі Александрияға (Жер Орта теңізінің бойындағы) дейін көрсетілген. Хорасан

(Қазіргі Ауғанстан мен Иран аралығы) жерінен Шығысқа қарай түркі қалаларынан Шаш (Ташкент) шаһары бірінші болып белгіленген.

Қолжазба ішінде Шаштың (Ташкенттің) де бірнеше атауы бар екені көрсетілген. Оның сол XI ғасырда-ақ «Ташкент, Тәркен» деген аттары белгілі болған Шаштан кейін Испижаб қаласы тұр.

Испижаптың қазіргі Шымкент екендігі жөнінде археолог тарихшылардың пікірлерінде де ешбір талас жоқ. Испижаптан сәл жоғары Тараз қаласының орны көрсетілген. Ежелгі Тараздың қазіргі Жамбыл екендігін дәлелдейтін арнайы зерттеулер бар ¹⁵.

Махмуд Қашқаридың айтуынша XI ғасырда «Ұйғырлар Исламға әлі кірмеген, дінсіз ел болған». Ол туралы қолжазбасының бірнеше жерінде сөз етеді. ¹⁶

Іле өзенінің үстіңгі тұсынан Екі өгіз (Қосөзен) деген қаланың орны белгіленген. Бұл атаудың қазіргі қай топоним екенін айту үшін әлі де іздену керек. Сондай-ақ осы Екі өгіздің батыс жағында, бір-біріне өте жақын орналасқан. Иафинич, Нәзәл қалалары да жарқырап көрінеді. Бірақ біз ол қалалардың қазіргі орындарын көрсете алмай отырмыз.

Махмуд Қашқаридың картасында түркі халықтарының батыс шекарасы да барынша айқын, дәл ажыратылған. Бұл жердегі түркі қалаларының ең көрнектісі етіп Хорезм берілген. Одан төменірек, Каспийдің жиегіне Маңғышлақ қаласы орналасқан, сол қатарда Женд қаласы да тұр. Каспийдің батыс жиегінде Дербенд хазаран көрініп тұр.

Бұл орта ғасырда «Темір қақпа» (Темур Капук) – (Железная ворота) деген атпен аты шыққан қала. Дербендтің араб тіліндегі мағынасы да сол. Темір қақпа дегенді білдіреді. Бұл қала үшін сонау VI-VII ғасырларда түркі

¹⁵ Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата. 1972.

¹⁶ Стамбулдағы табылған нұсқасы. 1915-1917. 103-150 б.

тайпалары жасаған жорықтар туралы деректерді Орхон-Енисей жазуларынан (Білге Қаған) білеміз. Дербендтен әрілеу жерде, ең батысқа таяу орыс словяндары (рус сақалиби) белгіленген.

Махмуд Қашқаридың айтуынша XI ғасырда Каспийдің солтүстік жағында қыпшақтар, суарлар, бұлғарлар қатар жүрген. Бұл – өте құнды деректер. Өйткені қыпшақтар, бұлғарлар мен суарлар туралы осындай пікір қазіргі ғылыми әдебиетте де кездеседі. Бұлғар-монғол шабуылына дейін түркі халықтары қоныстанған аса ірі қаланың бірі болған. Ол қаланы кейін 1361 жылы Алтын Орда Булақ Темір қиратты.

Каспийдің шығыс жағында аттары жазылмаған және бес қаланың орны белгіленген. Сол қалалардың арасында «Оғыздар елі» – (Гәләдун ғузиә) деген сөздер жазылған. Сол қатарда «Жәбәли Қарачук» – (Қарачук таулары) деген жазу да анық оқылады. Оны Қарашоқы деуге келеді. Бір көңіл бөлетін нәрсе, «Қарачук» топонимін Махмуд Қашқари өзі жасаған картасында тау (жәбәл) деп жазса, қолжазбасында: «Қарачук – Фараб қаласының екінші аты, ол әрі оғыздар елінің атауы» – деген.

Демек, бұл Қарачук қазіргі біздің Отырардың бұрынғы аты деп түсінсек, ағаттық болмас. Фарабқа дейінгі түркі тіліндегі аталуы Қарашоқы болуы ақылға қонады. Өйткені қазіргі Түркістан жерінде Қарашук атты өзеншенің аты күні бүгінге дейін сақталған. Фараб (сулы аймақ) деген атты арабтар жаулап алған соң барып (IX-X ғ.ғ) алған.

Ал Фарабтың Отырар деп өзгеруі Ақсақ Темірдің өлген жылын (1405) есте қалдыру үшін жасалған шараға байланысты екенін жұртшылық көптен біледі. Отырар сөзінің араб әбжаты бойынша цифрлы мағыналарының жиынтығы 1405 дегенді білдіреді.

Самарқанд бастаған бір топ қала кішілеу дөңгелекшелермен белгіленіпті. Соған қарағанда XI ғасырда Самарқанд қазіргіден әлдеқайда

кіші қала сияқты. Бірақ Махмуд Қашқари: «Самарқандты үлкен болғандықтан түркілер Семізкендт деп атаған», – дейді. Тек «Парсылар оны Самарқанд деп атайды», – деп те ескерткен.

Башқұрттардың солтүстік шығысын ала, йәмәктер мен жумулдардың шығыс жағынан Өтүкенді көрсеткен. Өтүкен сөзі картада бір түрлі (Өтуген), қолжазбаның ішінде басқаша (Өтукен) жазылып кеткен. Сонысына қарамай Шығыс түркі қағанатының қасиетті мекені болған ежелгі Өтүкенді Махмуд Қашқари дәл белгілеген. Оның қолжазбасында «Өтүкен – татарлар даласындағы бір жердің аты, ұйғырларға жақын» деген анықтама бар.

Оның бұлай деуінің себебі, картаның өте кіші масштабпен жасалуынан ғой деп ойлаймыз. Ал, шындығында бұл екі ара (Еділ, Қама байлары мен Бешбалық аралығы) кем дегенде екі, үш мың километрге жетіп қалады.

Картада Өтукен көрсетілген жерде қала, не өзен-су болғаны айтылмаған. Әйтсе де, бұл қаланың аты еместігі айтпай-ақ түсінікті. Өйткені Махмуд Қашқари қалаларды көлемі бірдей кішкене дөңгелекшелер арқылы белгілеп отырған. Ал егер ол өзен болса, онда қазіргі қай өзенге сәйкеседі? Біз картадағы «Өтукен» көрсетілген тұстан немесе қазіргі Батыс Сібір айналасынан осындай жер, су аттарын іздегенде мынадай жайды анықтадық, Россия жеріндегі Киров облысында ағып жатқан Камаға қосылып, одан Волга (Еділ) өзеніне құяды. Ал Еділдің Каспийге құятыны баршаға аян. Осы Вятка гидронимінің «Өтукенге» сырттай ұқсастығы көзге бірден шалынады. Оның үстіне Махмуд Қашқари картасындағы «Өтукеннің» орны дәл осы тұсты меңзеп тұрғандықтан, «Күлтегіннің» Кіші тексінде (3,4,8 текстерде) аталатын.

«Өтукен» қазіргі Вятка өзені деп білеміз. 580 жылы Шығыс және Батыс болып екіге бөлінген түркі қағанатының Шығыс бөлігінің орталығы болған

тарихи «Өтукен» бізше осы Вятка «Өтүкеннің» Вятка болып айтылуы славян тілдерінің әсерінен деп түсінуіміз керек.

Мысалы, бұл біздің тіліміздегі сөз басында айтылатын «у» (Мысалы: Уалихан) орыс тілінде «в» (Валихан) болуы немесе сөз соңындағы «у» (Көкшетау) орыс тілінде «в» (Кокчетов) болуы сияқты құбылыстар. Ал көне қыпшақ тілдерінде «өтеу» сөзінің орыс тіліне «ватаға» болып енгенін және орыс тілінде «қарауыл», «күзет» дейтін мағынаға ие болғанын И.Огиенко айтқанды¹⁷. Мұның өзі біздің «Өтукен» мен «Вятканы» бір түбірден тараған деген ойымызды дәлелдей түседі.

Картадағы өзен-сулар туралы мәліметтер нені меңзейді? Ғалым мұндағы Шығыс Солтүстік тұста, Өтүкеннің оңтүстік батыс жағынан Ертіс ойпатын көрсеткен. (Уади Ертиш (Ертіс)) туралы қолжазбада мынадай деректер бар: «Ертіс – йәмектер сахарасында ағатын бір өзеннің аты. Оның бірнеше саласы бар, осы сахарадағы бір көлге құяды. Ертіс деген сөз ерту, тез ертіп өту деген сөзден алынған».

Біздің заманымыздағы Ертістің үш үлкен саласы бар: Ертіс, Есіл, Тобыл Махмуд Қашқаридың «Ертістің бірнеше саласы бар», – деп отырғаны солар. Тек бұл жерде кішкене жаңсақтық байқалады. Ертіс өзені аталған үш саласымен барып Обь өзеніне құйып, одан әрі Карск теңізі арқылы Солтүстік мұзды мұхитына қосылады. Махмуд Қашқаридың «Ертіс осы сахарадағы бір көлге құяды дегеніне қарағанда өзі алыс солтүстікке жете алмай, елдің (информатордың) айтуымен жазып жіберген бе деп ойлайсың».

Бұдан кейін Ертіс өзенінің солтүстік жағынан Ямар ойпаты (Уади имар) белгіленген. Ямар өзені туралы да қолжазбаның бірнеше жерінде қысқаша деректер бар. Мысалы: үшінші томның 21-бетінде: “Ямар – бір

¹⁷ Огиенко И. Иноземные элементы в русском языке. Киев. 1915.

жердің аты. Бұл жерде немесе Ябақу (Жабағы) даласында бір үлкен су ағады, оны Ямар суы дейді” – делінген.

Махмуд Қашқари картасына түскен екі көлдің жобасы бар. Олардың аттары жазылмаса да, бірін көлемі шағындауын Балқаш, екіншісін Каспий деп тануға болады. Біз «Балқаш болар» деп шамалаған көлдің шығыс жағынан өзен белгіленген. Олар құймайды. Ол өзендер жоғарыда айтылған. Ямар суы, Өтүкен және Іле деп жазылған.

Ал Балқаш көліне бұлардың ішінде Іледен басқасы құймайтыны белгілі. Аталған өзендердің түстікке қарай жақын тұруы картаның өте кіші масштабпен берілгендігінен деп түсінуіміз керек.

Қалай болғанда да арабтың картографиялық үлгілерін пайдалана отырып жасаған бұл тілдік карта түркілік лингвистикалық география тарихындағы тұңғыш, ғылыми жағынан маңызы жоғары еңбек.

«Орта ғасырлық түркі халқы өмірінің нағыз энциклопедиясы саналатын Махмуд Қашқаридың түркі тілдері жөніндегі «Сөздігі» тек лексикографиялық немесе тіл білімі жөніндегі зерттеу ғана емес, тарихи-этнографиялық таным мен зердені тереңдететін ауқамы кең еңбек.

Ол өзінің «Дивани луғат ат-турк» еңбегінде түркі халықтарының сөздігін жасап қана қоймастан, сол түркілердің жасау территорияларын, орналасу шеңберлерін, жасау жағдайларын, түркі халықтарының о бастағы ру-тайпаларының келіп шығу тарихы туралы да өзінің құнды пікірлерін білдіруші тюрколог ғалым болып есептеледі.

2. М. Қашқари картасындағы ру, тайпа атамалары

Махмуд Қашқари тұңғыш түркі тілдерінің лингвистикалық географиясын жасаушы, тұңғыш лингвистикалық атластың авторы ретінде де бағалау орынды. XI ғасырда лингвистикалық географияны зерттеу әлемдік

тіл білімі дәстүрінде қалыптаспаған еді. Біздің білуімізше, Қашқари дәріс алған араб тілі дәстүрінде де мұндай географиялық атлас жасау кездеспейді.

Айталық, VIII-IX ғасырларды басқарарлық филологтар Әл-Мазини, Әл-Фарра, Ибн ас-Сиккит, Са-Салаб араб тіл білімінде өзіндік мектеп қалыптастырған. X ғасырдың білімдарлары Ибн Джинни, Ибн Фарис, XI ғасырда Әл-Журжәни, Маухиба Әл-Жавалаки еңбектерінде негізінен лексикологиялық, грамматикалық сөздің мәні, тілдік норма және стиль мәселелерін зерттеген. Батыс тіл білімінде лингвистикалық география саласы диалектологиядан XIX ғасырда ғана бөлініп, зерттеле бастаған.

Махмуд Қашқари барлық жер-су аттарын өзі жасаған картаға түсірген. Диаметрі 18 см болатын дөңгелек ішіне салынған бұл шағын карта араб тілінде белгіленіп жазылған. Румнан Қытайға дейінгі территорияны түркі жері, түркі шаһарлары деп белгілей отырып, бәрінің арасы 5000-8000 фарсқа жетеді, бұл шаһарлардың орнын анықтау үшін әрқайсысын «Жер формалы шеңберде көрсеттім» дейді.

Картада жер, су, қала аттары мен тайпа аттары, тайпалар орналасқан территориялар дәл көрсетілген. Майлы бояумен тауды, жұқа бояумен елді мекенді, қою көкке-көлді, ашық-көкке өзенді белгілей отыра, жоғары жағын-батыс, төменгі жағын-шығыс, екі жақ бүйірін-оңтүстік пен солтүстікке бөлген.

Бұл карта жөнінде де әртүрлі пікірлер бар. Араб тілінің маманы И.Ю.Крачковский картаның дұрыс салынғанына күмәнмен қарайды, И.Умняков картаның алғашқы нұсқа емес, бұдан бұрынғы картасында жер атаулары мен тайпалар территориясы толық салынған дейді.

Қалай болғанда да арабтың картографиялық үлгілерін пайдалана отырып жасаған бұл тілдік карта түркілік лингвистикалық география тарихындағы тұңғыш, ғылыми жағынан маңызы жоғары дарабоз еңбек.

«Орта ғасырлық түркі халқы өмірінің нағыз энциклопедиясы саналатын Махмуд Қашқаридың түркі тілдері жөніндегі «Сөздігі» тек лексикографиялық немесе тіл білімі жөніндегі зерттеу ғана емес, тарихи-

этнографиялық таным мен зердені тереңдететін ауқамы кең еңбек. Айталық, бүгінгі қазақ ұлтының бір бөлігін құрап отырған арғын тайпасы жөнінде, оның тілдік құрамы туралы көптеген деректер келтірілген.

«Махмуд Қашқари еңбегінде кездесетін «арғу» тайпасы атының бүгінгі арғын руына ешқандай қатысы жоқ «арғу» күйінде аталып келген атаудың орнына кейін «Қ» дыбысы қайта жалғанды деуге сену қиын екен»-деген пікірлер бар болғанымен, тарихи шындықты бұрмалай алмайсыз, тілдік заңдылықтарды жоққа шығару және мүмкін емес.

«Диванның» мәліметтері бойынша арғулықтар осы күнгі Шымкент пен Тоқмақ қалаларының аралығындағы кең аймақты мекен еткен. Сол маңдағы тайпалар арасында көп уақыт бойы үстемдік еткен. Арғу тайпасының аты қазіргі арғындар екені тіл жүйесін білетін ғалымдарға үлкен жаңалық емес, тілдегі бар заңдылық.

Ә.Әбдірахманов ғалымдар зерттеулерін зерделей келе, арғун-батыс гун деген мағынаны береді деп, өз пайымдауларын келтірген болатын.

Т.Жанұзақов аргу/аргун/арғын/арган/арнагун сияқты болып тұлғалық дамуға түскенін дәлелдей келе, көп, топ, тайпалар одағы, көп тайпа мағынасын берген деген пікір ұсынады.

М.Томанов Махмуд Қашқари мақаласында арғу тайпасына арғун-арғын деп жақша ішінде түсінік береді.

Сонымен, тілдің тарихи даму жүйесі тұрғысынан қарағанда н дыбысы орны тұрақсыз, бірақ өте көне, өлі тұлға ретінде қарастырылады. Айталық, көмектес септігіне негіз болған «бірлен» шылауы бірле,-іле,-бірден-білен варианттарында кездеседі. Тәуелдік жалғауының III жағындағы, -сы тұлғасының ол бастағы варианты-сын, -сін болғандығы дәлелдеген.

Б.Сағындықұлы өз монографиялық еңбегінде сөз соңында «н» мен «ң» ең көп түсіріліп айтылатын дыбыстардың қатарына жатады. Мысалы. Арқун-ақру, инчин-инч, қойун-қой, тегин-тегін т.б. деген тұжырым айтады. Олай болса арғу-арғун-арғын болып өзгеруі тілдегі фонетикалық заңдылыққа сәйкес деп танылады.

Екіншіден, Махмуд Қашқари еңбегінде кездесетін арғу тайпасының мекені Шымкент, Токмақ қалалары арасында болғандығы кей ғылымдар үшін күмән туғызады. Бірақ, XI ғасырда арғындардың осы алқаптарды мекендегі тарихи факты. Арғындарды үйсін рулары кейін ығыстырған да, араларында жер дауы көп заманға созылып келген. Бұған бір дәлел Б.Адамбаевтың еңбегінде «Сары табақтан сарқыт қайтар» делінетін шешендік дау сөздің тарихы берілген.

Асылы, Орхон-Енесей ескерткіштерінде, Махмуд Қашқари еңбегінде оғыз бен шығылдан кейінгі ең көп кездесетін этноним-арғу-арғын тайпасының атауы. Зерттеуде мұның да терең мән-маңызы бар деп білеміз: арғындар қазақ арасында сан жағынан басқа рулармен салыстырғанда әлдеқайда басым, ата қонысы, жайылатын мекені көп, ауызекі сөйлеу тілі бар.

Атақты жиһангез Марко Поло «Өзге тұрғындардан көріктірек, ақылдырақ, саудамен де көбірек айланысатын теңдуктардан құралған арғын тайпасы жартылай жер өңдеу шаруашылығымен айланысқан»-деп жазады.

Ендігі мәселе Махмуд Қашқари сөздігінде арғу-арғын тайпасының тілдік ерекшелігіне қатысты айтылатын пікірлер жөнінде қазіргі қазақ әдеби тілі бірнеше тайпалық диалектілер тілінің негізінде пайда болған дегенге илансақ, онда қазақ тілінің шын тарихи даму жолын айқындау үшін, сол тайпалық диалектілердің әлсіз сарынымен көмескі тартқан ізін анықтау орынды болмақ.

Қазақ ру-тайпаларының диалектілерін зерттеу арқылы тілдің нағыз даму жолы мен сипатын айқындауға мүмкіндік туатыны белгілі. Әрі қазақ тілінің қалыптасу кезеңінің де өзіндік сыр-сипаты айқындалады.

XV-XVI ғасырда жеке мемлекет болып құралған деп танылатын қазақ елінің оған дейінгі тарихы мен жолы өзін құрап отырған ру-тайпалардың тарихымен, тілімен тығыз байланысты қарастырылуы қажет. Осы тұрғыдан, XI ғасырдағы арғулар тілін зерттеу арқылы, сол дәуірдегі көне қазақ тілінің диалектикасы ретінде оның ролі мен мәнін айқындауымызға болар еді.

Махмуд Қашқари «Диванында» арғу тайпасына тән сөз деген белгінің көптігі автордың арғу тайпасының арасында көп болып, көп сөз жинағанына ғана емес, арғу тілінің түркі тілдері ішіндегі кең қолданылатын, әдеби тілге біртабан жақын екендігінен де хабардар етсе керек. Арғу тілі қалалық тіл болған, ол басқа тайпалар тілімен жиі араласқан.

Ғалымдардың зерттеп, дәлелдеуінше олар шағыл мен оғыз тайпаларымен көрші тұрып, жиі араласқан да, бір-біріне тілдік әсер-ықпалы болған.

Махмуд Қашқари арғу тайпасының негізгі тілдік ерекшелігі ретінде сөз басында және сөз ортасында ж дыбысын қолданатынын, әрі кейде д дыбысымен алмаса алатынын айтады. Мысалы: дол-жол, доқ-жоқ, т.б. Ал түркі тілдерінің ішінде сөз басында ж дыбысын қолданатын тек қазіргі қазақ тілі.

Арғу тілінде д-ж сәйкестігі алмаса жұмсалса, дәл осындай сәйкестік қазіргі қазақ тілі диалектілерінде де кездеседі. Айталық, ұлы жүз-ұлы дүз, жүз сом-дүз сом, жұмалау-домалау т.б. Мысалы: өзің жоқ жерде үйінді бар жанымен өртеп жіберуге бұлардың дүзі жанбайды.

Көне түркі тілінде қолданылған қала мағынасындағы «балық» сөзі, Махмуд Қашқаридың көрсетуінше, арғу тілінде «Шаһар» сөзімен берілген, ал «балық» -балшық, батпақ мағынасында жұмсалған. Шігіл тілінде д-з дыбысымен айтылатын сөздер арғуларда й мен айтылатындығы да (адзақ-айақ, тодзды-тойты), арғу тілінің қазіргі қазақ тілімен өте жақын екендігін танытатын тілдік ерекшелік.

Жедел өткен шақ тұлғалары жіктеліп келгенде, оғыз тілдерінде-дамдан (бардам) тұлғасында болып келсе, арғу тілінде-дум (бардум) сипатында жұмсалған.

Махмуд Қашқари арғулар оғыз тайпасына көрші тұрған деп жазады. Сонда бұл тайпалардың мекені Сырдария өзенінің орта ағысына дейінгі жерлер болуы мүмкін.

Арғу тайпасының тілі жөнінде Ә.Наджип былай дейді: «Арғу тіліне ұйғыр тілінің ешқандай әсері болмады, ондағы лексикалық бірліктерді, көнерген сөздерді салыстыра отырып дәлелдеп беруге болады». (10.44 бет).

Қазақ халқының құрамындағы арғын руы қазақ тілінің үлкен бір диалектілік бөлігі ретінде көнеден келе жатқан мол қазыналы, бай тіл. Махмуд Қашқари еңбегінде кездесетін арғулар-осы арғын тайпасы.

Демек, бұл қазақ халқының көне әдеби тілінің бір тармағын қалыптастырған. Махмуд Қашқари көрсеткен арғу тілінің ерекшеліктерінің негізі қазіргі қазақ тілінде бар, әдеби тілдік материалдар болғандықтан, ХІ ғасырдағы арғулар тілін көне қазақ тілінің бір бөлігі деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Махмуд Қашқаридың «Дивану лұғат-ат түрк» атты үш томдық еңбегі – көне түркі тілдері жайындағы салыстырмалы филологиялық еңбек. М.Қашқари еңбегінде түркі тілдерінен келтіріп отырған әрбір сөзді арабша түсіндіріп отырады. Еңбекте жеке сөздердің мағыналық ерекшелігі-шеңберінен басқа, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі, түркі тайпаларының бір-бірінен тілдік айырмашылықтары туралы көп мағлұмат берілген.

Сондай-ақ М.Қашқаридың бұл еңбегі түркі халықтарының тарихы, географиясы және түркі тайпаларының этнографиясы туралы да көптеген деректер береді. Кітапта көне түркі фольклорының үлгілері де беріліп отырылған. Онда бірнеше жүздеген фольклорлық өлеңдер, нақыл сөздер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болған мақал-мәтелдер жиі ұшырасады.

М.Қашқаридың бұл еңбегін кейінгі кездердегі (XIV ғасырда) авторлар да өз еңбектерінде пайдаланып отырған. Мысалы, Андалусиядан шыққан көрнекті ғалым Абу-Хайяның 1312 жылы Каирда жазылған атақты «Китаб ул-идрак ли лисан ит-түрк» (Түрік тілдерін түсіндіретін кітап) еңбегінде кездесетін кейбір үзінділердің осы М.Қашқари шығармасынан алынғандығы байқалады.

Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б.Айни өзінің Европа, Сирия және Индия тарихын зерттеуге арнап жазған бір еңбегінің «Түркі қауымдарының тарихы» атты бөлімінде Қашқарлық ғалым Ибни Мұхамедтің кітабынан алынған үзінділерден ондағы оғуз руларының таңбалары жөнінде, түркі тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікмен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жариялайды.

М.Қашқари өз еңбегінде көптеген түркі ру-тайпаларының тілдік ерекшеліктерін көрсетіп, түсіндіріп отырады. Ол материалдарды автор ел аралап жүріп жинағандығын былай жазады: «Мен түркілер, оғузлар, чығыллар, яғмалар, қырғызларының шаһарларын, қышлақ уа йайлауларын

көп йылар кезіп чықдым, лұғатларын түпләдім, түрлі хил сөз хусусиятларын урғаны, анықладым Мен бу ішләрни тил билмегенлігім үчүн емес, бәлки бу тиллердегі һәр бір фарықларын һаманықлаш үчүн қылдым».

Міне осындай істерінің арқасында М.Қашқари – түркі халықтары тилін (және араб тилін де) ғана жақсы биліп қоймаған, түрлі тайпалардың тилдік ерекшеліктерін, диалектілік айырмашылықтарын да өте жақсы биліп, айыра алған филолог. Автор бүкіл түркі халықтарының (тайпаларының я тайпа одақтарының) тилін екі үлкен топқа бөліп қараған, ол` түркі тилі және оғыз тилі.

Түркі тилі деп М.Қашқари қырғыз, қыпшақ, тұкси, яғма, чығыл, ығрақ, жарық тилдерін түсінеді. Сөздігінде берген сөздерді ол қай тилде қолданылатынына қарап белгі салып отырған, ал сөздікке енген сөздің қай тилден алынғаны беймәлім болса, автор оны «екі тилдің бірінде – не түркі, не оғыз тилінде» дейді. Ғалымның айқындауынша, тилдің жеңілі – оғызша, ең турасы, ең жақсысы яғма, тухси тилдері, ал бұл соңғы аталған түркі тайпалары – Іле өзенінің бойын жайлаған елдер, Іле – түркі тайпаларының жайқыны (үлкен дариясы) – Амудариясы дейді.

М.Қашқари сөздігінде алфавиттік тәртіп қатаң сақталмаған. Сөздер «Лұғатта» құрамына қарай беріледі, яғни алдымен бір буынды, сонан кейін екі буынды сөздер келеді. Сөздіктегі сөздердің орналасу тәртібі былай:

- 1) сөз басында I (әліп) келген есімдер; ат, ет, от, т.б.;
- 2) төрт әріпті сөздер (диакритті белгі саналады) уа, оңа;
- 3) үш әріпті бөлім: алт, уыт;
- 4) ортада әр түрлі әріп қолданылатын сөздер: ағыр (ауыр), атыз, үгір (үйір), өгіз, атан;
- 5) созыңқы -аа бөлімі: аат (есім) аач, аақ т.б.

М.Қашқари сөздігінде жеке сөздермен бірге үш жүзге жуық мақал-мәтел, сол шамада өлең шумақтары берілген. Ол өлеңдердің бір қатары түркі халықтарының ертеден келе жатқан ауыз әдебиет үлгілері де, бір қатары

автормен замандас ақындардың шығармаларынан алынған үзінділер деген пікір бар.

М.Қашқаридың бұл еңбегі зерттеу барысында ХІ ғасырдағы жасаған халықтардың тілінің қазіргі тіліміз бенен қандай ұқсастық және өзгешеліктері бар екендігіне еңбектен алынған мысалдар негізінде көз жеткіздік.

Қорыта айтқанда Махмұд Қашқаридың теңдесі жоқ бұл шығармасы біздің ортақ асыл қазына, тілдік, әдеби, тарихи этнографиялық т.б. тұрғыдан мейлінше бай мұра болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И. А. Жоқары мәнауият – жеңилмес күш. Тошкент. 2008
2. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексті. Алматы. Ғылым. 1990
3. Айтмуратов Д. Тюркский этноним «турк». Нукус. 1996
4. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата. Казахское государственное учебно-педагог. издательство. 1959
5. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Спб. 1896
6. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. Алматы. 1992
7. Археология и этнография Башкирии. Уфа. 1969.
8. Балақаев М., Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. 1968.
9. Баскаков Н. А. Тюркские языки. Москва. Восточной литературы. 1960
10. Девону луғот-ит турк (индекс-луғат) Т. Фан. 1967
11. Древнетюркский словарь. Ленинград. Наука. 1969
12. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы. Ғылым. 1983
13. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. Санат. 1999
14. Кононов А. Махмуд Кашгарский и его Дивану луғат-ит-турк. 1972. № 1
15. Картаның Стамбулдағы табылған нұсқасы. 1915-1917.
16. Қошғарий М. Девону луғат-ит турк. Тошкент. Фан. 1960 Т.І.
17. Қошғарий М. Девону луғат-ит турк. Тошкент. Фан. 1961 Т.ІІ.
18. Қошғарий М. Девону луғат-ит турк. Тошкент. Фан. 1963 Т.ІІІ.
19. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. А. Ғылым.1981
20. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. Алматы. Ғылым. 1989
21. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. Алматы. Мектеп.,1988
22. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А. 1971
23. Наджип Э. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореферат докт.фил.наук М.1965.
24. www.pedagog.Uz

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	7
I Тарау. «Девони луғат ат - турк» сөздігінің қазақ тілінің қалыптасуындағы орны	
1 Махмуд Қашқари шығармаларының түркі тіліне қосқан үлесі.....	14
2 Махмуд Қашқари сөздігі туралы зерттеушілердің пікірлері.....	23
II Тарау. «Девони луғат ат - турк» сөздігіндегі этнотопонимиялық деректер	
1 Махмуд Қашқари картасының топонимикаға қосқан үлесі.....	34
2 Махмуд Қашқаридің картасындағы ру,тайпа атамалары.....	42
Қорытынды.....	48
Пайдаланған әдебиеттер.....	51